

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЗЫЛША ҚАНТ КІШІ КЕШЕНІ:
ТАБИҒИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ РЕСУРСТЫҚ ӘЛЕУЕТТІҢ РӨЛІ**

**BEET SUGAR SUBCOMPLEX OF KAZAKHSTAN:
THE ROLE OF NATURAL AND GEOGRAPHICAL RESOURCE POTENTIAL**

**СВЕКЛОСАХАРНЫЙ ПОДКОМПЛЕКС КАЗАХСТАНА:
РОЛЬ ПРИРОДНО-ГЕОГРАФИЧЕСКОГО РЕСУРСНОГО ПОТЕНЦИАЛА**

Г.Ө. ЖАНДОСОВА *

экономика магистрі

А.У. АБУЛҒАЗИЕВ

аға оқытушы

А.Н. БЕЙКИТОВА

география магистрі

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

**автордың электрондық поштасы: Zhandosova1974@mail.ru*

G. ZHANDOSOVA *

Master of Economics

A. ABULGAZIEV

senior lecturer

A. BEIKITOVA

Master of Geography

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

**corresponding author e-mail: Zhandosva1974@mail.ru*

Г.О. ЖАНДОСОВА *

магистр экономика

А.У. АБУЛҒАЗИЕВ

ст.преподаватель

А.Н. БЕЙКИТОВА

магистр географии

**Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан*

**электронная почта автора: Zhandosova1974@mail.ru*

Аңдатпа. *Мақсаты* – мақалада Қазақстандағы қант өнімдерінің импортқа тәуелділігі мәселелері ашылып, қант қызылшасын өсіру бойынша мемлекеттік бағдарламалар көрсетілген. Қант зауыттары шетелден (Бразилия, Куба және Малайзия) импортталатын қант қамысы басымдылығымен отандық шикізатты қайта өңдеу үлесінің жыл сайын азаюымен сипатталады. *Әдістері* – статистикалық, картографиялық, жүйелік және салыстырмалы талдау. *Нәтижелері* – авторлар ресми статистика бойынша ішкі нарықтағы қанттың үлесі 58 пайызды құрайтынын, оның тек үш пайызы ғана жергілікті жерде өндірілетінін атап өткен. Қант қызылшасы қосалқы кешенінің негізгі экономикалық көрсеткіштері анықталған: өнімділік деңгейі, жалпы өнім, ақ рафинадталған қант өндірісінің көлемі, тозу деңгейі жоғары қант өнеркәсібінің өндірістік қуаттары, жаңғыртуды қажет ететін технологиялық жабдықтар, бұл өз кезегінде үлкен инвестицияны қажет етеді. Осы саланың дамуын тежейтін негізгі себептер анықталған: республиканың оңтүстік облыстарында егіс алқаптарының қысқаруы, қазақстандық элиталық тұқымдарды пайдалану дәрежесінің жеткіліксіздігі және тиісінше импортқа тәуелділік, жоғары шығындар, сатып алу бағасының төмендігі кезінде рентабельділіктің төмендігі, фермерлерді ылғалмен қамтамасыз ету, техникалық жарақтандыру проблемалары. Шикізат базасына импорттық тәуелділікті төмендету мақсатында елдің солтүстік облыстарында (Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола облыстары) қызылша егудің оң тәжірибесі бар, бұл елдің табиғи-географиялық әлеуеті осы өңірлерде қызылша қант өндірісін тиімді дамытуға мүмкіндік беретіндігімен байланысты. *Қорытындылар* – табиғи-климаттық жағдайларды талдай отырып, авторлар Қазақстанның солтүстігіндегі чернозем аймағы осы дақылды өсіру үшін қолайлы екенін, оның қант-құм мен рафинадтың өткір тапшылығы кезеңінде ерекше маңыздылығын айтады. Республикада аса маңызды әлеуметтік өнім ретінде оған деген қажеттілік артып келеді.

Қант өнімі әлемдік деңгейдегі әлеуметтік маңызы бар және күнделікті тұтынатын өнімдер қатарына жатады. Қант қызылшасы шаруашылығы еңбекті және ерекше агротехникалық талаптарды сақтауды қажет ететін дақыл түрі. Қазақстанда қазіргі кезде қант өніміне деген сұраныс күн сайын артып келуде және бағасының тұрақсыздығы орын алуда. Ағымдағы жағдайда қант өніміне деген сұраныстың өсуінің бірнеше факторлары бар. Осыған орай елімізде қант тапшылығы отандық қант қызылшасы шикізаты мен қант зауыттарының толық қамтамасыз етілмеуінен туындауда.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасының басты мақсаты – еңбек өнімділігін екі жарым есе арттыру, агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспортын 2 есе ұлғайту және отандық өндірістің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету арқылы бәсекеге қабілетті АӨК құру болып бекітілген.

Бұл жобадан күтілетін әлеуметтік маңыздылығы – ел халқын азық-түлік тауарларымен (оның ішінде әлеуметтік маңызы бар) 80%-дан астам деңгейде қамтамасыз етілуге бағытталған [1]. АӨК-і күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе болғандықтан, оның соңғы бәсекеге қабілетті дайын өнімі тұтынушының сұранысын толық қамтамасыз ету керек.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Еліміздің егемендігінен осы уақыт аралығына дейін мемлекеттік тұрғыдан Қазақстанның АӨК-нін дамытудың жаңа деңгейіне көтеру үшін қаншама бағдарламалар қабылданса да ауыл шаруашылығы мен жеңіл өнеркәсіптің нарықтағы даму жағдайы оң көрсеткіштерге ие деп айта алмаймыз.

Қазіргі таңдағы Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы салаларының ішіндегі 90% импортқа тәуелді де және құлдырау үдерісіндегі бірден бір сала қант қызылшасы болып отыр. Ал отандық қант өндірісі ішкі нарықтың тек 10% ғана қамтамасыз ете алады екен. Мысалы, 2021 жылдағы көрсеткіш бойынша отандық қант өндірісі 1,9%-ды көрсетті, ал 2020 жылы – 2,6%, мұндағы 8,9% қант құрағы, ал 3,3% қант қызылшасын құрады, барлығы 2021 жылы 10,8% және 2020 жылы 5,9% болған.

Халықаралық нарықта қант бағасы жоғары және ішкі нарықта да бұл өнімге деген сұранысы жоғары болуына қарамастан, мемлекетіміздегі қант қызылшасы шаруашылығы мен отандық қант өндірісін

дамытудың мол мүмкіндігі бар екендігіне қарамастан, болмағанның өзінде еліміздің ішкі тұтынуын 70-80% қамтамасыз етудегі тиімді жолдары шешілмеуде.

Ресми статистикаға сүйенсек, ішкі нарықтағы отандық қанттың үлесі 58%-ды құрайды екен. Шын мәнінде, 58%-дың тек 3%-ы ғана отандық қант қызылшасының өнімі, ал 55%-ы қант құрағынан өңделген өнім, өйткені елдегі қанттың негізгі бөлігі Бразилия, Куба және Малайзия мемлекеттерінен импортталған қант құрағының шикізатынан өндіріледі [2].

2020 жылы елдегі қант зауыттары бар болғаны 144,3 мың тонна қант, оның ішінде 48 мың тонна қызылша және 96,3 мың тонна қант құрағын өңдеген [3]. Нақтырақ келтірсек, 2021 жылғы көрсеткіште ішкі нарықтағы отандық қанттың үлесі 17,6%, ал 2020 жылы - 44,4%-ды құрады. 2021 жылы еліміздің қант зауыттары 206,5 мың тонна қант өңдеді, оның ішінде 36,3 мың тонна қызылшасынан болса 170,2 мың тонна қант құрағына тиесілі болды.


Қазіргі таңда еліміздегі іске қосылып тұрған төрт қант зауыты отандық шикізатпен бірге импортталған қант құрағын қатар өңдеуге өзгертілген.

Нәтижелер және оларды талқылау. Бұл саланың қазіргі жағдайын талдайтын болсақ, республика аумағының табиғи-климаттық жағдайының қолайлылығына қарай отандық шикізаттың тарихи негізі Кеңес Одағы кезеңінде қаланып, Алматы мен Жамбыл облыстарының маманданған саласына айналған. Осы облыстардағы қант қызылшасына бөлінген егіс алқаптарының көлемінің 2018-2022 жылдардағы өзгерісі төмендегі 1 суретте көрсетілген.


Соңғы бес жылдың аралығында қант қызылшасына бөлінген егіс алқаптарының мардымсыздығын көріп отырмыз. 2022 жылғы егістік алқабы тіпті 2021 жылғы көрсеткішіне жетпеген [4,5,6]. Егіс алқаптарының кемуін облыстардың шаруа қожалықтары ең бірінші кезекте судың жетіспеуімен түсіндіруде.

2 суретте 2018-2022 жылдар аралығындағы қант қызылшасының түсімінің (тазалағаннан кейінгі салмағы) көрсеткіштері берілген.

2021 жылы қант қызылшасының өнімділігі 14,5 га егіс алқабынан 275,5 ц/га құрады, ал 2022 жылы 12,3 га егіс алқабынан түскен өнім көрсеткіші ресми жарияланбаған.



1 сурет – Қант қызылшасының 2018-2022 жылдардағы егіс алқаптары, мың га



2 сурет – Қант қызылшасының 2018-2022 жылдардағы түсімі, 1 га/центр

Қант қызылшасы өнімділігінің де және оның сапасының да өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда төмен көрсеткіштерге ие болуының себебі, құрғақшылық жағдайлармен және қант қызылшасының вегетациялық мерзіміндегі ауа температурасының күрт төмендеуімен байланыстырылады. 2021 жылы Қазақстанда қант зауыттары 335 мың тонна қант қызылшасын өңдеп, 36,3 мың тонна қант өндірді. Қазақстанның қант өндіру үшін шикізатқа деген қажеттілігі 500 мың тоннаны құрайды. Жалпы, Жамбыл облысының көрсеткіштері Алматы облысына қарағанда төмен. 2022 жылғы жағдай бойынша Еуразиялық қант қауымдастығының аналитикалық қызметі «Союзроссахардың» хабарлауына, Қазақстанда қант зауыттары 230,0 мың тонна

қант қызылшасын өңдеп, 26,5 мың тонна қант өндірген [7]. Қазақстанның қант өндірісі үшін шикізатқа қажеттілігі 500 мың тонна қажет етеді. Жалпы қант қызылшасы шаруашылығы Алматы облысына қарағанда Жамбыл облысының көрсеткіштері өте төмен деңгейде.

Қант қызылшасынан жоғары түсімді алу үшін қолданылатын элиталық сорттардың қолжетімділігі мен сапалылығы екінші фактор, себебі қолданылатын қант қызылшасының элиталық тұқымдардың шет елдерден сатылып алынуы және бағасының қымбаттылығынан көптеген шаруа қожалықтарының мүмкіндігінің келе бермеуімен түсіндіріледі.

Қазақстанда қант қызылшасын өсіруде қолданылатын будандардың ішінде отан-

дық сорттардың пайызы өте төмен деген қорытынды шығады. Өкінішке орай, тұқым өндіру бойынша біз елдің тұтыну деңгейінен едәуір артта қалған. Тұқым нарығында импорттық тұқымдар 95%-ды, ал отандық өнімнің үлесі бар болғаны 5%-ды құрайды [8]. Мемлекеттік көлемдегі жалғыз ғылыми-зерттеу мекемесінің қант қызылшасының жаңа тұқымдарын шығаруда құнды нәтижелері бола тұрса да шаруа қожалықтары басым импорттық тұқымды пайдаланды. Шетелдік сорттарының ішіндегі кеңінен қолданылатыны – «ОДЕССКАЯ 25». Отандық сорттарға тек 0,1 – «Айшолпан» және 0,02 – «КазСиб – 14» деген сорттары ғана қолданылады, бірақ олардың үлесі де тиісінше өте төмен.

Қазақстан Республикасының 2017-2027 жылдарға арналған отандық қант өндірісінің салалық даму бағдарламасының тұжырымдамасында 2018 жылдан бастап Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола облыстарында қант қызылшасын егу тәжірибесі іске асырылған [9]. Мұндағы тәжірибенің негізгі мақсаты – қант қызылшасының өнімділігі мен қанттылығының мөлшерін анықтау еді. Сонымен қатар мемлекеттің импортқа деген тәуелділігін қазіргі 90%-дан 65%-ға дейін төмендетудің бір жолы. Осы аталған үш облыстың ішінде Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облысында қант қызылшасын өсіру тәжірибесі жоғары нәтижені көрсеткен.

Мысалы, 2019 жылы Павлодар облысында қант қызылшасын егу тәжірибесіне 200 га бөлінген және Ертіс өзені маңындағы 10 шаруа-шылық қожалықтары немістік «KWC» деп аталатын қант қызылшасының брендтік 8 тұқымын пайдаланған. Бірақ олардың ішіндегі 3 қожалық қана қойылған барлық агротехникалық талаптарды орындаған. Олар 1 га – 500 ц/га өнім алған

және тамыр сабағының қанттылығы 18% көрсеткен. Қант дақылының қанттылығы оңтүстік шаруашылықтарымен (15% шамасында) салыстырғанда тіпті 3%-ға жоғары болып шықты. Жалпы тәжірибенің қорытындысы Павлодар облысында қант қызылшасын Ертіс өзенінің маңындағы суармалы егістік алқаптарында егудің тиімділігі, болашағы жоғары бағаланған.

Еліміз қоңыржай белдеуде орналасқандықтан қант қызылшасын егуге және одан мол өнім алуға әлеуеті жете отырып, осы күнге дейін қанттың басым үлесін импорттайды. Алматы және Жамбыл облысындағы егістіктерден алынған өнім сұранысты қамтамасыз ете алмай отыр. Егерде шаруашылық түрлерін диверсификациялайтын болсақ, неге қант қызылшасын басқа аудандарға егіп, тәжірибені жалғастырмасқа.

Көршілес Ресей мемлекетінің қант қызылшасын өсіретін негізгі аудандары елдің еуропалық бөлігінің оңтүстік және оңтүстік-батыс аймақтарында, сібірлік бөлігіндегі Алтай аймағында орналасқан. Қант қызылшасынан алатын өнімнің жартысына жуығын қаратопырақты зонадан алып отыр, мысалы: Воронеж облысы (6852 мың тонна (өнімділігі - 509 ц/га); Липецк облысы (5891,2 мың тонна (өнімділігі – 455 ц/га); Курск облысы (5283 мың тонна (өнімділігі – 539 ц/га); Тамбов облыстарында (5105,5 мың тонна (өнімділігі – 457 ц/га) тараған [10].

Қаратопырақ – қант қызылшасын егуге қолайлы топырақтардың бірі. Қара топырақтың жоғары өнімділігіне қосымша Ресейдің қант қызылшасы шаруашылықтарының тегіс барлығы орташа 450-500 ц/га өнім алуына отандық селекцияның шетелдік (Германия, Дания, Бельгия, Франция) елдермен бірлескен селекциялық тұқым шығару жобаларының нәтижесі 1 және 2 кестелерде көрсетілген.

1 кесте – Ресей Федерациясындағы 2020 жылы қант қызылшасы сорттарының көшбасшылары ("Россельхозцентр" ФМБҚ деректері бойынша)

Сорттың атауы, Мемтізілімге енгізілген жылы, шыққан елі	Егілді, тонна
Крокодил(2004)"СЕСВандерхаве"(Бельгия)	183,9
РекординаКВС(2017)"KWS"(Германия)	183,3
БТС 980(2014)"Betaseed"(США)	108,4
МаксимеллаКВС(2016)"KWS"(Германия)	107,7
БрависсимаКВС(2013)"KWS"(Германия)	101,5
ЭйфорияКВС(2016)"KWS"(Германия)	94,8
Неро(2009)"Syngenta"(Швейцария)	94,6
Шериф (2006)"FlorimondDesprez"(Франция)	82,4
ВиорикаКВС(2016)"KWS"(Германия)	80,4
ДубравкаКВС(2010)"KWS"(Германия)	75,9

2 кесте – Ресей Федерациясының 2020 жылғы қант қызылшасын себу қорытындысы мен 2021 жылғы жоспары

Субъект	Отандық селекцияның тұқымдары егілген егістік алқаптарының үлесі, %	Ресей Федерациялар аумағында өндірілген (отандық+ шетелдік селекция) тұқымдардың үлесі, %	2021 жылы жоспарланған отандық селекцияның тұқымдары егілетін егіс алқабы, %	2021 жылы жоспарланған Ресей Федерациясының аумағында өндірілген (отандық+ шетелдік селекция тұқымдары) егілетін егіс алқаптары, %
Ресей Федерациясы	3,05	25,71	5,82	24,10
Белгород облысы	11,3	25,2	11,31	25,20
Воронеж облысы	0,4	19,0	1,38	20,74
Курск облысы	3,1	6,8	7,51	10,40
Тамбов облысы	0,0	14,72	5,33	20,05
Краснодар өлкесі	3,21	16,95	6,17	19,87
Ростов облысы	2,9	32,3	7,77	37,43
Карачай-Черкес Респ.	0,15	99,8	3,85	100,00
Ставрополь өлкесі	3,0	4,2	2,98	4,26
Башқұртстан Респ.	2,0	16,0	10,45	24,39
Татарстан Респ.	1,79	5,65	5,00	8,06
Чуваш Респ.	56,0	70,0	60,42	70,83
Нижегород облысы	5,0	14,0	5,17	13,79
Пенза облысы	1,83	98,17	2,84	98,17
Алтай өлкесі	2,1	2,1	4,24	4,24

2 кестеде Ресей Федерациясының қант қызылшасының егіс алқаптарында отандық тұқымдарды қолданудың үлесінің төмендігімен және оны біртіндеп отандық және шетелдік селекцияның бірлесіп шығарылған өнімдерінің жоғары үлесі нарықтан ығыстыруда. Егер 2020 жылы қант қызылшасының отандық үлесі 3,05% болса, 2021 жылы ол бірден 25,71%-ға көтерілген. Және бірлескен селекциялық өнімдерге деген сұраныс мемлекеттің жазық барлық аймақтарына тән көрсеткішке ие.

Сондай-ақ қара топырақты аудандардан шығысқа қарай Татарыстан, Башқұртыстан, Мордва республикаларымен, Төменгі Новгород және сібірлік Алтай аймағын қосқанда Қазақстанның солтүстік аудандарымен салыстырмалы түрде бір белдеуде орналасып, қант қызылшасын егуде жетекші аудандардың бірі болып отыр. Қыс, жаз айларының климаттық көрсеткіштеріндегі орташа температурасы да шамалас. Тек жауын-шашын мөлшері аздау демесек.

Алайда солтүстік аудандарымызда қызылша егуге ылғандану коэффициенті жеткілікті 0,50-0,70 аралығында. Олай болса еліміздің солтүстігіндегі қаратопырақты зонадан да мол өнім алуға болады. Сонымен бірге топырақ құрамындағы минералдарды сақтап тұру үшін ауыспалы егін егуге де қолайлы болар еді. Бұл зона

топырақ құнарлылығының барлық түріне сәйкес келеді. Атап өтетін болсақ:

- табиғи құнарлылық – табиғи құнарлылық табиғи күйіндегі ешқандай адам әрекетін қажет етпейтін құнарлылық;
- жасанды немесе эффективті – жасанды құнарлылық негізінен адам әрекетінің нәтижесінде (мелиорациялау, тыңайту т.б.) пайда болған құнарлылық – бұл жердің топырағын көп қаражат жұмсамай ақ құнарлылығын қалыпты ұстап тұруға болады;
- салыстырмалы құнарлылық – белгілі бір өсімдіктердің түріне байланысты, яғни кейбір дақылдар үшін құнарсыз топырақ басқалар үшін құнарлы болуы мүмкін.

Жалпы алғанда жақсы өнім алу үшін топырақтың рН көрсеткіші 5,5-тен кем болмау керек. Одан төмен болған жағдайда қышқылды ортада қант қызылшасы жоғары өнім бере алмайды. Бұл жағынан еліміздің солтүстігіндегі қара топырақтың көрсеткіші 7-ден жоғары. Сонымен бірге қант қызылшасы тамыр жемісті болғандықтан тығыздығы жоғары топырақта да дұрыс өнім бермейді. Қара топырақ Алматы және Жамбыл облысындағы суармалы сұр топыраққа қарағанда салыстырмалы түрде борпылдақ және кеуекті болып келеді. Қызылшаның өніп өскіндегі вегетацияның ұзақтығы 135-155 күн. Солтүстік аудандарымызда 135 күн.

Қант қызылшасын өсіру вегетация мен өсу кезеңінде күн сәулесінің қалыпты климатын қажет етеді. Осы саланы зерттеушілердің айтуынша «қызылша қатты нөсер жаңбырды қажет етпейді, бірақ ол

құрғақшылыққа да төзбейді. Мол және ұзақ жауын-шашын түйнектің дамуына және қант синтезіне теріс әсер етуі мүмкін». Бұл жағынан да солтүстік аудандарымыз қолайлы болып тұр (3 кесте).

3 кесте – Қант қызылшасын егуге қажетті орташа көрсеткіштер

Биологиялық түрі	Шөптесінді екі жылдық өсімдік (бірінші жылы тамыр жеміс, екінші жылы тұқым береді)
Вегетациялық кезеңі	Бірінші жылы 150-215 күн, екінші жылы 135-155.
Тұқымның өніп өсуі үшін қажетті ең төменгі температура	+1+2
Белсенді температураның соммасы	3000-3500
Үсікке шыдамдылық температурасы	6 ⁰ -7 ⁰ -дейін
Ең қолайлы температура	15 ⁰ -25 ⁰
Қолайлы рН көрсеткіші	6-7

Кестедегі көрсеткіштерге талдау жасайтын болсақ, Қазақстанның солтүстігіндегі қара топырақ зонасы қант қызылшасын егуге қолайлы деп тұжырымдайтын болсақ артық етпейді. Елімізде жергілікті жердің климат жағдайына бейімделген «Авантаж», «Волга 1», Неро F1, «Окка 1» тұқымдары көбірек қолданылады. Егерде солтүстік аудандарға егетін болсақ, осы белдеуде орналасқан Ресейдің қара топырақ зонасында егілетін тұқымдарды егіп көру керек немесе бейімделген жаңа сұрпын шығару керек.

Жалпы қант қызылшасы қоңыржай климаттың мәдени дақылы ретінде танылған. Аталмыш дақыл – ауыл шаруашылығының құнды саласы және тамақ өнеркәсібінің құнды шикізаты.

Қант қызылшасы мен қант өндірісінің қалдықтары кеңінен қолданылады: ірі қара малмен қоректенеді, ашытқы, алкоголь, лимон және сүт қышқылы сірнеден дайындалады, ал дефекациялық қалдығы тыңайтқыш ретінде қызмет етеді. Мысалы, орталық қаратопырақты қант қызылшасының негізгі егілетін белдеуінде ауыспалы егіншілік әдістерін қолданудың нәтижесі өте жоғары. Қант қызылшасынан кейін жаздық бидай егілсе гектарынан 5-6 тоннадан жиналады.

Еліміздегі қантқа деген сұранысты төмендетуде бірінші кезекте егіс алқаптарын кеңейту қажет. Дәстүрлі оңтүстіктегі Алматы мен Жамбыл облыстарына қосып Солтүстік Қазақстанның облыстарына кеңінен енгізіп қатар дамыту керек.


Солтүстік Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайы қант қызылшасын өсіруге сәйкес келмейді деп тұжырым жасай алмаймыз. Мысалы, Ресейде қызылша

егілетін негізгі аймақтарға: Орталық Қара топырақты белдеуі, Алтай, оңтүстіктегі қаратопырақсыз аудандарында, Батыс Сібір мен Қиыр Шығысқа дейінгі аралықта өсіріледі. Қант қызылшасы тіпті мемлекеттің дәстүрлі аудандарынан солтүстікке қарай (60° с.е.) шығыс пен оңтүстікке (40° с.е.) қарай егілуде. Мұндағы Батыс Сібір, Алтай біздің солтүстік, солтүстік-шығыс бөлігіміздегі көршілес аймақтар.

Қант қызылшасын еліміздің солтүстік, солтүстік-шығыс, оңтүстік-шығыс, оңтүстік өңірлерінде тиімді дамыту үшін қант қызылшасынан әлемдік көшбасшы мемлекеттермен Франция, Германия, Дания, Англия, Польша, ғылыми-инновациялық зерттеулерге негізделген ортақ жобалар жасау керек. Себебі, қызылша қантының әлемдік өндірісінің шамамен 80%-ы Еуропа елдерінің үлесіне тиеді (3 сурет) [11].

Жалпы нарықтағы қант қызылшасына қарағанда қант құрағының үлесі жоғары көрсеткішке ие болмақ. Бұл соңғы жылдардағы қоңыржай белдеулеріндегі климаттық құрғақшылықтың жоғарылауымен анықталған. Осы орайда Қазақстан Бразилия мен Таиланд мемлекеттерінің шикі қант құрағын импортының бірден бір тұтынушысымыз және оның шикілей бағасының әлдеқайда арзандығы біздегі қант зауыттарының жұмысын жеңілдетуде.

Көршілес Ресей мемлекеті қант қызылшасы мен қант өндіріс жөнінен әлемдік ондыққа кірсе де, оның осы саладағы жаңалығы, жетістігі дамыған елдердің бірлескен тәжірибесінің негізінде қол жеткізіп отыр. Сонымен қатар оның қант қызылшасына деген егіс алқаптарының көптігі.



3 сурет – 2018/19-2020/21 жылдар аралығында жекелеген Еуропа елдерінде қант қызылшасынан қант өндіру (Қант кг/т)*

Қорытынды

1. Еліміздің егемендігінен осы уақыт аралығына дейін мемлекеттік тұрғыдан қант қызылшасы шаруашылығы мен қант өндірісін көтеруде, дамытуда қабылданған қаншама бағдарламалар мен жобалардың тиімсіздігінің қорытындысын көрсетті.

2. Қазіргі таңдағы Қазақстанның қант өндірісінің 90%-ы импортқа тәуелді де және құлдырау үдерісіндегі сала.

3. Қант қызылшасын өсіруде қолданылатын импорттық тұқымдар 95%-ды, ал отандық өнімнің үлесі бар болғаны 5%-ы құрайды.

4. Солтүстік Қазақстан облыстарының табиғи-климаттық әлеуеті қант қызылшасын өсіруге тиімділігі жоғары деген тұжырым жасай аламыз. Мысалы, Ресейде қант қызылшасы егілетін Алтай, Батыс Сібір тіпті Қиыр Шығысқа дейінгі аралықта өсіріледі. Қант қызылшасы тіпті мемлекеттің дәстүрлі аудандарынан солтүстікке қарай (60° с.е.) шығыс пен оңтүстікке (40° с.е.) қарай егілуде. Мұндағы Батыс Сібір,

Алтай біздің Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола солтүстік, солтүстік-шығыс бөлігіміздегі көршілес аймақтар.

5. Қазақстанда қант қызылшасы шаруашылығын дамытуға әлемдік көшбасшы Франция, Германия, Дания, Англия, Польша сияқты мемлекеттермен бірлесіп ғылыми-инновациялық зерттеулерге негізделген ортақ жобалар жасау керек деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер тізімі

[1] Национальный проект по развитию агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021-2025 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года № 732 [Электронный ресурс].- 2021.- URL: //https://www.adilet.zan.kz (дата обращения:16.02.2022).

[2] Буянов С. Как Казахстан оставили без сладкого [Электронный ресурс].- 2017.- URL: https://www.forbes.kz/finances/markets/ (дата обращения:18.02.2022).

[3] Айгюзель, К. Казахстан останется без сладкого? Что будет с ценами на сахар [Электронный ресурс].- 2021.- URL: <https://www.news.myseldon.com/ru>. (дата обращения: 01.03.2022).

[4] Штыкельмайер В. В Казахстане намерены значительно снизить зависимость от импорта сахара. Каким образом? Костанайские новости. [Электронный ресурс].- 2022.- URL:<https://www.kstnews.kz/newspaper/> (дата обращения: 19.05.2022).

[5] В 2022 году в Жамбылской области Казахстана планируют засеять 6,3 тыс. га сахарной свеклы [Электронный ресурс].- 2022.- URL: <https://www.sugar.ru/node/> (дата обращения: 18.03.2022).

[6] Казахстан: Посевная кампания завершается в Алматинской области [Электронный ресурс]. – 16.05.2021.- URL: <https://www.zerno.ru/> (дата обращения: 21.05.2022).

[7] ЕАЭС завершается производство свекловичного сахара из урожая 2021 года [Электронный ресурс].- 2022.- URL: <https://www.sugar.ru/node> (дата обращения: 30.03.2022).

[8] Минсельхоз Казахстана назвал залог продовольственной безопасности страны. [Электронный ресурс].-2021.-URL:<https://www.ru.sputnik.kz/> (дата обращения: 01.02.2022).

[9] Концепция реализации отраслевой программы развития сахарного производства на 2018-2027гг.– Астана, 2018. -28 с.

[10] Валовой сбор сахарной свеклы по регионам России в 2019 году. [Электронный ресурс].-2021.-URL:<https://www.xn--80apggvco.xn--p1ai=300> (дата обращения: 01.04.2022).

[11] Sugar production from sugar beet in selected European countries from 2018/19 to 2020/21 (in kilotons of sugar) [Electronic resource].- 2022.- URL:<https://www.statista.com/statistics/1126827/sugar-beet-sugar-production-in-european-countries/> (date of access: 04.05.2022).

References

[1] Nacional'nyj proekt po razvitiju agropromylen'nogo kompleksa Respubliki Ka-zahstanna 2021-2025 gody. Postanovlenie Pra-vitel'stva Respubliki Kazahstan ot 12 oktjabrja 2021 goda № 732 [National project for the development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2021-2025. Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated October 12, 2021 No. 732] (2021). Available at: <https://www.adilet.zan.kz> (date of access: 16.02.2022) [in Russian].

[2] Bujanov, S. Kak Kazahstan ostavili bez sladkogo [How Kazakhstan was left without

sweets] (2017). Available at: <https://www.forbes.kz/finances/markets/> (date of access: 18.02.2022) [in Russian].

[3] Ayguzel, K.(2021). Kazahstan ostanet-sja bez sladkogo? Chto budet s cenami na sa-har [Kazakhstan will remain without sweets? What will happen to sugar prices]. Available at: <https://www.news.myseldon.com/ru>. (date of access: 01.03.2022) [in Russian].

[4] Shtykelmayer, V. (2022). V Kazahstane namereny znahitel'no snizit' zavisimost' ot im-portasahara. Kakim obrazom? Kostanajskie novosti [Kazakhstan intends to significantly reduce dependence on sugar imports. How? Kostanay news]. Available at: <https://www.kstnews.kz/newspaper/> (date of access: 19.05.2022) [in Russian].

[5] V 2022 godu v Dzhambul'skoj oblasti Kazahstana planirujut zasejat' 6,3 tys. gasaharnoj svekly [In 2022, it is planned to sow 6.3 thousand hectares of sugar beets in the Zhambyl region of Kazakhstan] (2022). Available at: <https://www.sugar.ru/node/>(date of access: 18.03.2022) [in Russian].

[6] Kazahstan: Posevnaja kampanija zaverhaetsja v Almatinskoj oblasti [Kazakhstan: Sowing campaign ends in Almaty region] (2021). Available at: <https://www.zerno.ru/node/>(date of access: 04.03.2022) [in Russian].

[7] EAJe Szavershaetsja proizvodstvo sveklovichnogo sahara iz urozhaja 2021 [The EAEU is completing the production of beet sugar from the harvest of 2021] (2022). Available at: <https://www.sugar.ru/node/38382> (date of access: 30.03.2022) [in Russian].

[8] Minsel'hoz Kazahstana nazval zalog prodovol'stvennoj bezopasnosti strany [The Ministry of Agriculture of Kazakhstan called the pledge of food security of the country] (2021). Available at: <https://www.ru.sputnik.kz/>(date of access:01.02.2022) [in Russian].

[9] Konceptcija realizacii otraslevoj programmy razvitija saharnogo proizvodstva na 2018-2027 gg [The concept of the implementation of the sectoral program for the development of sugar production for 2018-2027] (2018). Astana, 28 [in Russian].

[10] Valovoj sbor saharnoj svekly po regionam Rossii v 2019 godu [Gross sugar beet harvest by regions of Russia in 2019] (2021). Available at: <https://www.xn--80apggvco.xn--p1ai/=300> (date of access: 01.04.2022) [in Russian].

[11] Sugar production from sugar beet in selected European countries from 2018/19 to 2020/21 (in kilotons of sugar) (2022). Available at: <https://www.statista.com/statistics/1126827/sugar-beet-sugar-production-in-european-countries/> (date of access: 05.04.2022).

Авторлар туралы ақпарат:

Жандосова Гүлім Өмірхановна - **негізгі автор**; экономика магистрі; аға оқытушы; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; 050010 Достық данғ., 13, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: Zhandosova1974@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-9879-8879>

Абулғазиев Андрей Убайдуллаевич; аға оқытушы; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; 050010 Достық данғ., 13, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: aksai1966@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2437-5053>

Бейкитова Альбина Нурахмятовна; география магистрі; аға оқытушы; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті; 050010 Достық данғ., 13, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: ban_1985@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-1757-2198>

Information about authors:

Zhandosova Gulim - **The main author**; Master of Economics; Senior Lecturer; Abai Kazakh National Pedagogical University; 050010 Dostyk Ave, 13, Almaty, Kazakhstan; e-mail: Zhandosova1974@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-9879-8879>

Abulgaziev Andrey; Senior Lecturer; Abai Kazakh National Pedagogical University; 050010 Dostyk Ave, 13, Almaty, Kazakhstan; e-mail: aksai1966@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2437-5053>

Beikitova Albina; Master of Geography; Abai Kazakh National Pedagogical University; 050010 Dostyk Ave, 13, Almaty, Kazakhstan; e-mail: ban_1985@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-1757-2198>

Сведения об авторах:

Жандосова Гулим Омірхановна - **основной автор**; магистр экономики; старший преподаватель; Казахский национальный педагогический университет им.Абая; 050010 пр. Достык, 13, г.Алматы, Казахстан; e-mail: Zhandosova1974@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-9879-8879>

Абулғазиев Андрей Убайдуллаевич; старший преподаватель; Казахский национальный педагогический университет им. Абая; 050010 пр. Достык, 13, г.Алматы, Казахстан; e-mail: aksai1966@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2437-5053>

Бейкитова Альбина Нурахмятовна; магистр географии; старший преподаватель; Казахский национальный педагогический университет им. Абая; 050010 пр. Достык, 13, г.Алматы, Казахстан; e-mail: ban_1985@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-1757-2198>